

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі N 1368 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 9 қазан N 1431. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.16. N 1166 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.16. N 1166 қаулысымен. P991166_

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Елдің оңтүстік аймақтарында газбен жабдықтаудың мемлекеттік желісін құру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі N 1368 P971368_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының атауындағы "оңтүстік" деген сөз алынып тасталсын;

1-тармақтағы "апталық мерзімде" деген сөздерден кейін

"Ақтөбеоблгаз", "Оралоблгаз", "Маңғыстауоблгаз", "Атырау облгаз",

"Қостанайоблгаз" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ алынып тасталсын;

3, 4-тармақтар тиісінше 2, 3-тармақтар болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері

"Энергоорталық-ЕС-Қазақстан" мемлекеттік кәсіпорнына тұтынушыларға газды сату жөнінде оған жүктелген функцияларды атқаруда көмек көрсетсін".

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК